

Ықылас Өскенбайұлы Шахаров
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
ykyilas.shakharov@ayu.edu.kz

АХМЕТ ИҮГІНЕКИДІҢ «АҚИҚАТ СЫЙЫ» ДАСТАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кілт сөздер: *Орта ғасыр әдебиеті, Хибат-ул-хақайк, дидактикалық сарын, Түркі халықтарының ортақ мұрасы, көркем құбылтулар*

Artistic features of the work of Ahmed Yugnaki "Gift of Truth" Summary

The article is based on the epos of Akhmet Yugineka "The Gift of Truth". Ideological and thematic orientation, compositional structure, artistic features are analyzed. The epic "Gift of Truth", common to all Turkic-speaking peoples, tells about the problems that were urgent for its time, about the high artistic level.

Key words: *Medieval literature, Hibat-ul-Khakaik, didactic sari, common heritage of the Turkic peoples, artistic phenomena*

Орта ғасырдағы түрік халықтарына ортақ классикалық әдебиеттің өкілі Ахмет Жүйнеки (Иүгінеки) XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында өмір сүрген ақын. Сыр бойы мәдениетінің ошағы Түркістан қаласының маңайындағы Жүйнек деген жерде туып өскен. Қожа Ахмет Иассауидің шәкірті, өз заманының оқымыстысы болған кісі. Толық аты – Әдіб Ахмет ибн Махмұт Жүйнеки. Ахмет Иүгінеки жас шағында араб, парсы тілін игерген, өз кезінің оқыған, білімді адамы саналған. Иүгінекиден бізге жеткен шығармасы «Хақиқаттар хадисі» немесе «Ақиқат сыйы»[1] (арабша аты-Хибат-ул-хақайк). Әдіб Ахмет Махмұтұлы Иүгінекидің «Хақиқаттар хадисі»-дидактикалық сарында жазылған, түркі тілді халықтар әдебиетінің баға жетпес көркем туындысы. Атақты зерттеуші С.Е.Маловтың көрсетуінше бұл шығарма алғаш рет 1480 жылы Константинопольде басылған. Бұл туралы академик Р.Бердібай «Ғасырлар толғауы» деген еңбегінде «Дастанның бес жүзден астам өлең қатарында насихат, үлгі сипатты әңгімелер қозғалады»[2, 42] десе, А.Қыраубаева «Кітап 456 жол өлеңнен тұрады. Түркі тілін құрметтеп, оны поэзия тіліне айналдыруды мақсат еткен. Түркі ақындарының өлеңді түркі тілінде жазуының өзі өз заманындағы оянушылықтың бір көрінісі еді» [3, 94] дейді. Қайткенменде өлең жолдарының саны әртүрлі болып келуі кітаптың көпнұсқалылығында болса керек.

Ахмет Иүгінекидің өмірі мен ақындық қызметі жайында мәлімет жоққа тән. Әйтсе де ақын дастанында өзі туралы кейбір деректер берген. Сондай-ақ дастанды көшіріп жазушылар шығарманың авторына қатысты мәліметтерді өз тарапынан қосып жазған. Мәселен, «Хибатул-хақайықтың» ХҮ ғасырда көшірілген алғашқы қолжазба нұсқаларының бірінде Ахмет Иүгінеки туралы мынадай өлең жолдары бар:

Ахмет Әдіб-атым, үлгі сөзім,
Қалады мұнда сөзім, кетер өзім,
Күз келер, жаз да кетер, өмір де өтер,
Сонымен жұмылар да екі көзім[1,11]

Бұл өлеңнен біз ақынның шын аты Әдіб Ахмет екенін (Ахмет Иүгінеки-лақап аты), әкесінің есімі Махмұт болғанын аңғарамыз. Болашақ ақын анасынан көзі соқыр болып туған:

Көрмеген туа біте әдіб көзі,
Тұрады он төрт баптан осы сөзі
Жүк болса піл көтермес алтын-күміс,
Соған тең осы аз ғана сөздің өзі.

Сондай-ақ, ақын:

Ей, достым, жаздым кітап түрікшелеп,
Мейлің соқ, мейлің қала ерекшелеп,
Артымда ат қалсын деп жаздым мұны,
Ғажайып таңсық сөзбен ерекшелеп, - [1,27]

Деген жолдарда қай жердегі және қай түркі тайпаларының тілінде жазғандығы туралы атап айтпайды. Ол кездегі түркі халықтары мен түркі тайпалары қазіргі кездегідей сараланып, жіктеліп, әр

түрлі ұлттарға бөлінбеген. Белгілі бір орталықта, мөлшерлі аймақ пен тайпалар одағында қандай ру басым болып, үстемдік етсе, оған бағынышты халықтар көбінесе соның атымен аталып жүре беретін де кездері болған. Дастанның өзі көне түркі тілінде жазылса да, ақын шығармасының атын «Хибатул-хакайық» деп әдейі арабша қойған сияқты. Х.Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» деген еңбегінде «Бұл кітап қазақ тіліне аударылып, әдеби шығарма ретінде 1960 жылдардан бастап, қазақ әдебиетінің тарихына қатыстырыла бастады» - [4, 116.] дегенді айтады.

Ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуші Н.Келімбетов «Басқа түркі ескерткіштері сияқты «Ақиқат сыйы» да түркі халықтарының тіл тарихын, әдебиет тарихын, ондағы жанрлар және басқа да ерекшеліктер негізін, мысалы, дидактикалық әдебиет, дүнияуи әдебиет көздерін ашып, олардың тамырын талдау ісінде таптырмайтын құнды мұра болып табылады. Оның қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты тарихи маңызы туралы да осыны айтуымыз керек» - [5, 216.] деген болатын. Ахмет Иүгінеки дастанын тіл, әдебиет, тарих және философия ғылымдары тұрғысынан жан-жақты зерттеп, шығарманың ғылымға негізделген мәтінін, сөздігін, транскрипциясын әзірлеп, оны басқа тілдерге аудару жөнінде түрколог-ғалымдар қыруар жұмыстар атқарды.

Ахмет Иүгінекидің аты қазақ арасына да мәлім. Оны Жүйнек маңы өз ақынымыз деп санайды. Кейбір сөздерінен мысалдар келтіріп айтушылар да табылады. Ахмет Иүгінекидің атылмыш шығармасы қазақ тілінде бөлек кітап болып, 1985 жылы ғана шығарылды. «Ақиқат сыйының» текстерін транскрипциялап, сөзбе-сөз (прозалық) аудармасын жасаған Б.Сағындықов. «Алғы сөз» бен «Кіріспесін», поэтикалық аудармасы мен түсініктемелерін жазған Ә.Құрышжанов.

Белгілі ғалым, білікті тіл маманы Б.Сағындықов «Хибат-улхакайық»-ХІІ ғасыр ескерткіші»[6] деп аталатын еңбек жазып, көне дәуір жәдігерлігіне тілдік тұрғыдан жан-жақты талдау жасады. Мұнда дастанның транскрипциясы, аудармасы, зерттеу тарихы, ғылыми сипаттамасы, лексика-грамматикалық ерекшеліктері, «түрікше-орысша-қазақша», «арабша-орысша-қазақша», «парсыша-орысша-қазақша» сөздері тұңғыш рет жарияланды. Ғалым ХІ-ХҮІ ғасырлар арасындағы түркі әдеби жәдігерліктерінің тілі туралы айта келіп, аса құнды тұжырым жасаған: «Дұрысы-әр нәрсені өз атымен атаған орынды. ХІ-ХҮІ ғасырлар арасындағы халық арасында тараған жазба әдебиеттің кез-келген үлгісін көне түркі әдеби тілінде жазылған деп есептесек, қателеспейміз. Бұдан былай «ана әдеби тіл», «мына әдеби тіл» деп бірнеше әдеби тілге бөлуді тоқтатқанымыз дұрыс. Қай жерде, қай кезеңде пайда болғанына қарай, көне түркі әдеби тілінің оғыз варианты, көне түркі әдеби тілінің қыпшақ варианты, көне түркі әдеби тілінің түрікмен варианты, т.б. деп атаған жөн».

Ә.Құрышжановтың пікіріне қарағанда ескі түркі ескерткіштерінің барынша көп жазылып, мол таралған уақыты ХІІІ-ХІҮ ғасыр. ІХ-ХІІ және ХҮ-ХҮІ ғасырлармен салыстырғанда бұл кезеңде туған шығармалардың саны ауыз толтырып айтарлықтай, «Ақиқат сыйы» ІХ-ХІІ ғасырлар мен ХІІІ-ХІҮ ғасырлардың аралығын жалғастыратын белгілі бір айқын жол [6, 17].

«Ақиқат сыйы» дастаны дидактикалық сипатта жазылған. Онда өмірдің өзекті мәселелері (тәлім-тәрбие, моральдық нормалар, адамгершілік қасиеттер т.б.) жайында әр алуан ақыл-кеңестер мен гуманистік уағыздамалар келтіріп, өмір туралы ой толғаныстарын автор ортаға салады. Шығарманың әрбір тарауында белгілі бір мәселе жөнінде әңгіме болады, автор оқушысына тиісінше ақыл-кеңес беріп отырады. Бұл дастанның көтерген тақырыбы мен идеялық мазмұны ақын өмір сүрген қоғамдағы моральдық ұғымдар мен мінез құлық нормаларының жиынтығы іспеттес. «Адам қалай өмір сүру керек?» Ақын осы сауалға өзінше жауап іздеп, дидактикалық сарында оқушысына өсиет-уағыз айтады. Мәселен, шығарманың авторы оқушысына: адам адал өмір сүруі тиіс, сараң болмауы керек, жомарт жанды, білімді кісіні қадірлеу қажет, жақсыдан-шарапат, жаманнан кесепат деген сияқты ғибрат айтады. Ескеретін нәрсе «Ақиқат сыйы», 468 жолда айтылғандай, 14 тарауға емес 20 тақырыпқа бөлінеді (басқа ұсақ тақырыптарды қоспағанда), онда, демек, 466 жол өлең бар. Шығарманың соңына басқа кісілердің жазғандары өз алдына 28 жол. Дастанның көлемі әр нұсқада әр түрлі: бірінде аз, бірінде көп. Сонымен бірге тақырыптар мен тараулардың берілу тәртібі де барлық нұсқада бірдей емес.

Біз қарастырған нұсқа бойынша, Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» кітабы дінге, бір аллаға табынып, Мұхаммед пайғамбарға, оның төрт сахабасына сиынудан басталады. Ақын бұл дастанды Ыспаһсалар деген бекке арнап жазғанын оқушысына ескертеді. Тегінде ақынның өз дастанын арнап отырған адамы сол кездегі көрнекті мемлекет қайраткерлерінің бірі болса керек, дастанда оның образын былай сомдаған:

Қайырым мен адалдығы кіршіксіз,
Мадақтасаң тұрған бойы -тек ерлік.
Мол парасат ақыл-ойдың кеніші,

Жақсылық пен білім ғана төгерлік[6, 89].

Ақынның пікірінше, адам өзінің жақсы ісімен басқаға үлгі болуы керек. Егер бай болсаң, жоқ-жітікке қарас, жыртығын бүтінде. Егер бек болсаң, жай адамға қиянат етпе, қайта оларды қиындықтан құтқаруға күш сал. Саған біреу жамандық істесе, сен оған жақсылықпен жауап бер. Бұл адамшылық нысанасы, бұны ұмытпа! Біреудің жақсы ісін сезсең, оны ардақтай біл, күнәліні кешіре біл! Жауыздықтың тамырына балта шап, оны аластай біл! Қайғы қасіретсіз, тыныш өмір сүре біл! Өзің де, өзгеге де жақсылық тіле! Ұятыңнан бір айрылсаң, оны қайырып болмас. Бал бар жерде – ара да бар. Балдан бұрын араның уын татарсың. Дүние-қоңыз, бүгін бар да ертең жоқ. Дүниеден кім өткен жоқ, бай да, батыр да, неше бір даналар да өтті. Олардың тек қана сөзі, қадірлі аттары ғана қалды. Білімді адам біліп іс қылады, біліп істеген іс өкінішсіз болады.

Бұл туындыны түркологтар «поэма» деп атайды. Поэзиялық шығарма болғандықтан, ол өзіне тән белгілі бір өлшемі бар, сол өлшемнің жүйесіне бағынып, тізбекке түскен, өлеңмен жазылған сөз өнерінің өзінше бір түрі болып саналады.

Шығарманың композициялық құрылысына мән беріп қарасақ, бірқатар жері бәйіт үлгісімен жазылған. Орта ғасырдағы классикалық шығыс әдебиетінде (поэзиясында) қолданылған бәйіт екі жолдан тұратын өлең құрылысы, қос тармақ. Ол қай өлең түрінде (қай жанрда) болса да (поэма, дастан, ғазал, қасида т.б.) қолданыла береді. Өзара жұптасқан екі жол өзара ұйқасып та келеді, кейде тіпті ұйқаспай да септесе береді, бірақ бәйіт қалайда белгілі бір аяқталған ойды білдіреді. Мысалы, 131-бәйітте былай деп жазылған:

Тіліңді берік ұста – тісің сынбасын,

Егер тілің шыға қалса – тісің сынады[6, 37].

А.Іүгінеки бәйіттерінің екі жолы өзара ұйқасып отырады. Ондай өзара ұйқасып келетін екі жолдық бәйіттер көп емес, небәрі 19, яғни 38 жол.

А.Іүгінеки өлеңдерінің дені төрт жолдық өлең түрінде келеді. Олардың ұйқасуы қара өлең ұйқасы түрінде (а,а,б,а) түрінде келеді. Осы орайда жасалған өлеңдерінің жалпы саны 424 жол (төрт жолдық 106 өлең).

Ахмет Іүгінеки әрбір сөзді ажарлап та, құбылтып та шебер пайдалана білген. Ақын өзі хикаялап отырған құбылыстың ерекше белгілеріне үстеме мағына беріп, көркіне көрік қосып суреттеу үшін теңеу әдісін кеңінен қолданады. Мәселен, автор дастанда көнбес көңілді жомарттық көндірер, жеткізбес мұратқа жомарттық жеткізер. Жамандық келетін жолды жомарттық қияды. Ұрыс жүретін жолды жомарттық бұрады. Ең қиын (қиядағы) мұратқа жомарт ер жетеді. Сақылқ (қолы ашықтық) пен жомарттық – бар сұраудың дауасы. Ел сүйерге жол ашық, болып тұрсаң қолы ашық. Ең құтты қол берген қол. Алып-беріп жүрмесе, қол құтсыз. Жомарттық бар айыптың кірін жуады. Жомарттық-сараңдықтың өлшемі. Жомарттықты қара да (халқы), хан да сыйлайды. Мақтасаң жомарттықты мақта, күншілге қорамсақта бір оқ сақта. Барлық тіл де жомарттықты мақтайды. Жомарт ел малын сатып (сарп етіп) атақ алады (қадір-құрметке ие болады). Жарамды киім таба алсаң-жалаңашқа жап. Әр тілде бәрі мақтап асырады, айыбын жомарт жанның жасырады.

Ахмет Іүгінеки кітабының поэтикасына зер салсақ, кітаптан әсіресе эпитет пен теңеуден өзге құбылтудың барлық түрін кездестіруге болады. Кейде дастанда автор кейіптеу мен метонимияны қатар қолданады:

Күлім қағар бұл дүние, ым жасар,

Өз қолымен балын беріп, у қосар.

Ең әуелі бал жегізіп дәндетіп,

Іле-шала сол тостақпен зәр тосар. [6, 41]

деген жолдардың алғашқы екі тармағы кейіптеу болса, кейінгі екі тармағында метонимияға айналдырып тұр. Мұндағы ой дүние – жалған, өмір деген мағынада алынып, дүниенің алдымен бал жегізіп, артынан зәр тосады дегені дүниенің ауысып тұратынын және мұндағы «бал» мен «зәр» тура мағынасында емес, алмастыру мағынасында алынып тұр. Яғни, дүниенің қызық та, қайғы да сыйлай алатынын айтады.

Ахмет Іүгінекидің бізге жеткен мұрасының тағылымы мол болуы көне дәуір кемеңгерлерінің жалпы әлеуметтік-эстетикалық танымдарының өресіні аңғартады. Оның кейбір сөздері бүгінгі күні мақал-мәтелге, афоризмге, шешендікке ұласып кеткенін төмендегі сөздердің мағынасынан көруге болады: «Өнерлінің қапасы жоқ, өнерсіздің өкініші көп», «Кедейдің кертіп жейтін малы-білім», «Атақпен білген өтер ірі жүріп, білместі «өлген» дей бер тірі жүріп», «Біліммен ғалым өсіп, көкке жетер, адамды наданшылық төмен етер», «Оқ жарасы жазылады, тіл жарасы жазылмайды», «Не келсе де тілден келер бір басқа, осы тілге табынбайды құр босқа», «Тіл мен жақтың көркі-шындық сөз»,

«Қайырсыз адам жеміссіз ағаш сияқты», «Сараң дүниенің малын жиса да тоймайды», «Өз ашуын баса білген адам-күшті адам», «Өзі білмейтінін «білем» дегені айып», «Әр қасіреттің артында қуаныш бар», «Он дәруіш бір кілемге сияды, екі әкім бір кілемге сыймайды» т.б.

Арада сан ғасыр өтсе де, ақын еңбегі ұмытылмай, өз оқушысын тауып келе жатқаны дастанның өміршендігінің негізгі көрсеткіші. Атадан балаға, әулеттен әулетке мирас боп ауысатын қымбат ескерткіштер аз емес. Ал біздің Ахмет Иүгінеки бабамыз үрімбұтағына басқа емес, таза ақиқаттың өзін сый етіп қалдырған.

Біз «Ақиқат сыйы» дастанының идеялық-тақырыптық бағытына, композициялық құрылысына, көріктеу құралдарына, жырдың метрикалық жүйесіне біршама талдау жасау барысында, мынадай қорытындыға келдік: «Ақиқат сыйы» дастаны-өз заманының көкейтесті мәселелерін жырға арқау еткен, көркемдік дәрежесі биік, дидактикалық сарында жазылған, бүгінгі түркі тілдес халықтардың бәріне бірдей ортақ мұра болып табылады.

Әдебиеттер

1. Иүгінеки А. Ақиқат сыйы//Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Т.10. Астана: «Фолиант» 2006.
2. Бердібай Р. Ғасырлар толғауы: мақалар мен зерттеулер.-2-ші бас. - Алматы: «Жазушы» 1977 - 320 б.
3. Қыраубаева, А. Ежелгі әдебиет. 5 томдық шығармалар жинағы. 2-том - Алматы: "Өнер", 2008. - 216 б.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері: Ерте дәуірден ХІХ ғасырдың аяғына дейін. - Алматы: «Қазақстан», 1967. - 384 б.
5. Келімбетов Н.Ежелгі дәуір әдебиеті Алматы: «Ана тілі», -1991. - 264 б.
6. Иүгінеки А. Ақиқат сыйы. Түпнұсқаның фотокөшірмесі, транскрипциясы, прозалық және поэтикалық аудармасы, Баспаға дайындағандар: Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықов, Алматы, 1985. Хибат-ул хақайық, Ташкент, 1971.

Gönderilib: 17.12.2020

Qəbul edilib: 19.12.2020